



ГТАХР 10.07.21

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-2-185-200>

Мақала түрі (ғылыми мақала)

## Қазақстандағы мемлекеттік басқару реформаларының зерттелу бағыты: библиометриялық талдау

Д.Х. Бастыков\*<sup>1</sup>, Д.А. Куланова<sup>2</sup>, Л.П. Молдашбаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [dostiyar.bastykov@narхоз.kz](mailto:dostiyar.bastykov@narхоз.kz), [2k\\_dana\\_a@mail.ru](mailto:2k_dana_a@mail.ru), [3askar\\_96\\_96@mail.ru](mailto:3askar_96_96@mail.ru))

**Аңдатпа.** Зерттеудің мақсаты Қазақстандағы мемлекеттік басқару реформаларының зерттелу деңгейін анықтау мақсатында библиометриялық талдау жүргізіп, картаға түсіру.

Әдістемесі. Зерттеу мақсатымызға қол жеткізуде VOSviewer бағдарламалық құралымен библиометриялық желілерді құрып, визуализация жасалды. Біз Scopus академиялық дерекқор базасында жинақталған деректерге библиометриялық талдау жүргіздік. Жалпы бұл әдіс зерттеу бағытымыздың жай-күйін талдауда сенімді көрініс берді. Талдау жүргізуде арнайы стратегия қолдандық, мұнда Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды реформалау бойынша зерттеулердің 41 мақаласы анықталды.

Зерттеудің бірегейлігі/құндылығы. Бұл библиометриялық талдау Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды реформалаудың алғашқы зерттеулері. Зерттеу бағытымыздағы деректердің үлкен көлемін талдауда библиометриялық әдіс өзекті болып табылады. Ол еліміздің мемлекеттік басқаруды реформалау саласындағы зерттеулерді, ең көп сілтеме жасалған автордың еңбегін, басылымдар мен ғылыми институттарды анықтау арқылы әдебиетке үлес қосады.

Зерттеу нәтижелері ең жиі қолданылатын түйін сөздер мемлекеттік басқару реформалары, ашықтық, сыбайлас жемқорлық, жақсы басқару екенін көрсетті. Mussagulova et al., (2019), Buribayev et al., (2016) ең жоғары сілтеме жасалған және жиі келтірілген автор ретінде танылды. Зерттеу сонымен қатар соңғы жылдары елімізде жүргізілген реформалар азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсетуге қанағаттану мен өмір сүру жағдайына баса назар аударды. Біздің зерттеуіміз халықаралық деңгейдегі рецензияланған журналдардағы даму тенденциясын көрсетті. Мысалы АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия елдеріндегі зерттеулер 2012 жылдары жүргізілсе, Ал Қазақстан үшін аталған бағыттағы зерттеулер 2020 жылы қарқын алды.

**Түйін сөздер:** Мемлекеттік басқару реформалары, Қазақстан, ашықтық, библиометриялық талдау, VOSviewer, әдебиеттерге шолу, ғылыми картаға түсіру.

## Кіріспе

Мемлекеттік басқару көп жағдайда өзара қарым-қатынас нәтижесіндегі әрекеттерді білдіреді. Мемлекеттік басқарудың ерекшелігі көп жағдайда қоғамды, экономиканы, саясатты, халық шаруашылығын басқарумен сипатталады. Мемлекеттік басқару ұйымдастырушылық және реттеушілік қасиетке ие. Бұл мемлекеттің құрылымдық жүйесі арқылы, билік күшіне сүйеніп адамдардың жеке өмірінде реттеушілік қызмет атқарады. Билік – адамдардың материалдық, әлеуметтік, интеллектуалдық жағдайында саналы іс әрекеттер жасайды. Сөйтіп мемлекет адамдардың барлық әрекеттеріне араласады. Мұндай жағдай көбінесе қоғамның еркін шектеуге алып келеді. Қазіргі қоғамның негізгі талабы мемлекет қоғамдық процестерге аз араласу, қоғам мемлекеттен неғұрлым еркін болса адамдарға жақсы, әрі мәселелер тезірек шешілер еді. Осы уақытқа дейін мемлекетті таптық тұрғыда мәжбүрлеп өндіруші, түрме жүйесі, салық жинаушы, полиция, армия секілді адамдардың үстінен қарайтын үлкен алпауыт машина тұрғысында қарастырды. Бұл көзқарас қазіргі кезде өзгерген әрбір мемлекеттің мақсаты адамдардың жеке ұжымдық және қоғамдық өмірін ретке келтіріп жетілдіруші. Барлық дамыған мемлекеттер тәжірибесінде байқайтынымыз билік мемлекеттік басқару институттары арқылы басқару жүйесін реттеуді көздейді. Қазақстанда мемлекеттік басқару саласын реформалау арқылы нарықтық экономикаға негізделген жүйесі қалыптасты. Реформалау мақсаты мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып, кәсіби аппараттың жүйесін құру болып табылады [1].

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап мемлекеттік басқаруды реформалаудың үздік тәжірибелерін енгізе бастады. Мұндай маңызды реформалау экономикасы дамыған АҚШ, Қытай, Корея, Ұлыбритания, және Сингапур секілді мемлекеттер тәжірибесінен көруге болады. Еліміздің даму тарихында мемлекеттік басқаруды реформалаудың бес кезеңін бастан өткерді. Әрбір кезең өзіндік мақсаттар мен міндеттерге негізделді. Бірінші кезең тәуелсіздік алған жылы яғни 1991 - 1997 жылдары мемлекеттің құрылысы басқару институттарды құрудан бастау алды, Екінші кезең ерекшелігі 1997-2007 жылдары «Кәсіби мемлекетті» қалыптастыруға бағытталса, Үшінші кезең 2007-2017 жылдары мемлекеттік қызметшілерді дамытуға яғни кәсіби қағидатына негізделді. Төртінші кезең 2017-2020 жылдары мемлекеттік аппараттың функцияларын оңтайландыруға бағытталды. Ал қазіргі бесінші кезеңде әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайды реттеуге байланысты жаңа модель енгізілді [2].

Қазақстанның алдағы қадамы азаматтардың қажеттілігіне бағытталған күшті мемлекетке айналу. Соңғы реформалаудағы құжаттарда Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: «Ең алдымен адамдар» - «адамдарға бағдарланған» моделі[3]. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 күркүйектегі жолдауы, бұған дәлел болды[4]. Бұл маңызды құжаттардың барлығы мемлекеттік басқару мәселесіндегі кадрлық саясатты жетілдіріп, қоғамның қажеттілігіне негізделді. Дегенмен Қазақстанда аталған бағыттағы зерттеу жұмыстарын жалғастыру керек. Осы бағыттағы зерттеулерге көз жеткізу үшін библиометриялық талдау жасау маңызды. Мақаламызда VOSviewer бағдарламалық

құралын пайдалану арқылы зерттеу нәтижелерін визуализацияладық. Негізгі мақсатымыз Қазақстанның мемлекеттік басқару саласындағы жүргізілген реформалар нәтижесі туралы зерттеушілердің еңбектерін қарастыру болды. Біздің зерттеуіміз болашақ ізденушілер үшін пайдалы әрі әдебиеттердегі жіберілген олқылықтарды толықтырады. Зерттеуіміз Scopus базасындағы ең танымал басылымдардағы зерттеулерді қарастырады. Зерттеу сұрағымыз (RQ1): Қазақстандағы мемлекеттік басқару реформаларының зерттелу нәтижесі қандай? (RQ2): Реформалау бойынша еліміздегі ізденушілердің бағыты қандай?

## Материалдар мен әдістер

Зерттеуіміз Қазақстанның егемендік алғаннан бастап, яғни 1991ж бастау алып, қазіргі кезге дейінгі еліміздегі жүргізілген реформалар туралы зерттеулерге библиометриялық талдау жасалды. Зерттеу нәтижесін арттыруға байланысты ғалымдардың мемлекеттік басқаруды реформалау бағытындағы басылымдарға жариялаған мақалаларын түйін сөздер арқылы зерттеу жасалып, ғылыми картаға түсірілді. Scopus-тан VOSviewer бағдарламалық құралы арқылы құжаттарды, үздік басылымдар мен авторларды анықтауға графикалық түрғыда зерттеу жасалды [5]. Үлкен деректермен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін библиометриялық зерттеуімізді арнайы бағдарламалық құрал арқылы интеграцияладық [5]. Зерттеуіміз еліміздің мемлекеттік басқару саласындағы жүргізілген реформалар туралы пайдалы ақпарат берді. Библиометриялық талдау зерттеу бағытымыз бойынша жан жақты талдау жасап, болашақ зерттеушілердің бағытын анықтады. Біздің зерттеуімізде мемлекеттік басқару саласындағы институттардың маңыздылығын көрсетті.

## Әдебиетке шолу

Қазіргі кезде ең күрделі мәселелердің бірі мемлекеттік басқару саласын реформалау. Мемлекеттік басқару бағытындағы жүргізілген реформалардың басым бөлігі мемлекеттік саясатты әзірлеу, қаржы саласын басқару мен мемлекеттік қызмет көрсету бағытын қамтыды. McKinsey (2022) «Жаңа дәуірдегі үкіметті өзгерту» атты зерттеуінде мемлекеттік қызметкерлер халыққа қызмет көрсетуде және реформалау бағытындағы саясаттың нәтижелерін жақсартуға ұмтылады. Десек те бұған халықтың үкіметке деген сенімсіздігі мен қаржылық проблемалар жағдайында қол жеткізу қиын. McKinsey жүргізген зерттеулерінде реформалау нәтижесіндегі өзгерістер әрекеттерінің 80%-ы өз мақсатына жетпеді. Мемлекеттік басқару реформасы кәсіби мемлекеттік қызметкерлерді тарту мен цифрлық құралдарды тиімді пайдалану арқылы нәтижеге жетеді [6]. Кез келген реформалардың тиімділігі мен сәттілігі әкімшілік саяси жүйенің дұрыс бағытта жүргізілуіне байланысты болып табылады [7]. Бұл бағыттағы зерттеулерді қарастырған отандық және шетелдік авторлардың еңбектерін қарастыратын болсақ. Отандық зерттеушілер А.Абен мен С.Зейнолла [2], Ә.Байменов [8], Е.Бөрібаевтың [9], еңбектерін қарастыруға болады. Мысалы Байменовтің пікірінше Кеңес Одағы тоқырауға ұшыраған

сәттен бастап құрамындағы мемекеттер реформалау нәтижесінде біршама жетістікке жеткен. Мысалы Эстония басқарудың электронды жүйесін енгізу арқылы мемлекеттік саланың тиімділігін арттырды. Грузия сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алумен, Қазақстан «Бір терезе» қағидаты негізінде Үкіметтің жұмысын оңтайландырды [8].

Шетелдік ізденушілердің ішінде Sato, (2007) мемлекеттің кейбір салаларын реформалау бойынша мемлекеттік функцияларды жеке секторға берудің даму жолын ұсынды. Зерттеу қорытындысы бойынша мемлекеттік салаларды бағалаудың тиімділігін арттыру арқылы 35% жеке секторларға беру тиімді [10].

Ал Индиана университетінің ғалымы Nameduddin et al., (2019) басқару реформаларын сәтті жүргізу мемлекеттік сектордың тұрақты жүйесі деп санайды [11]. АҚШ зерттеушісі Naruna, (2001) өз еңбегінде реформалар туралы зерттеу шектеулерін алдын алып, тақырыпты терең зерделеу арқылы келеңсіздіктерді жою керек деп болжады [12].

### Нәтижелер мен талқылау

*Зерттеу стратегиямыз.* Scopus – базасында 2002-2023 жылдарды қамтыды. 2002 жылға дейін еліміздегі реформалар бойынша ғалымдардың зерттеулері Scopus табылмады және 2024 деректердің толық болмауынан зерттеуге қосылмады. 1 – суретте мемлекеттік басқаруды реформалау бағытында авторлардың зерттеулеріндегі түйін сөзі бойынша өсуін көрсетті. Басылымдардың ішінде Қазақстанның даму тәжірибесіндегі жүргізілген реформалар туралы зерттеулердің тек ағылшын тіліндегі басылымдар қалдырылды. Зерттеуімізде түпнұсқа яғни сапалы зерттеулерге назар аудару мақсатында шолу мақалалар алынып тасталды. 1 – суретте түйін сөзді сүзгіден өткізу нәтижесінде 112 мақала анықталды және рецензияланған басылымдарды сараптаудан 83 мақала іріктелді. Scopus – базасында ағылшын тіліндегі басылымдар 62 – мақалалар мен конференция материалдары анықталды. Нәтижесінде тек мақалаларды қалдыру есебінен 41 құжат анықталды.




1 – сурет. Scopus базасында кілт сөздерді іздеу стратегиясы

Ескертпе: VOSviewer бағдарламалық құралы негізінде авторлармен құрастырылған

*Нәтижелер.* Зерттеуімізде 2002-2023 жылдар аралығындағы басылымдарда жарық көрген 41 мақала талданды. 2 – суретте соңғы жылдары Қазақстандағы жүргізілген реформалар бойынша зерттеулердің өскенін көрсетті. Зерттеу нәтижесінде анықталғандай 2003-

2010 жылдары Қазақстандағы мемлекеттік басқару реформаларымен байланысты зерттеулер Scopus базасында табылмады. 2 – суретте 2011 жылдары зерттеу нәтижелері біршама өсіп, 2013 жылы ізденістердің жоғары шыңында 6 құжат анықталды. 2014 жылдан бастап ізденіс нәтижесі қалыпты деңгейде өсуі байқалды, бұл еліміздегі жүргізілген реформалар салдары туралы зерттеушілердің қызығушылығын біршама арттырды.



2-сурет. 2002-2023 жылдары Қазақстандағы мемлекеттік басқару бағытындағы жүргізілген реформалар бойынша жарияланған мақалалар

Ескертпе: VOSviewer бағдарламалық құралы негізінде авторлармен құрастырылған

Кілттік сөздер арқылы 41 мақаланың ішінде 30 жоғары сілтеме жасалған 2 автор анықталды. 1 – кестеде ең көп сілтеме жасаған А. Мусакулованың 2 мақаласы танылды. Автордың бастапқы зерттеуі Қазақстан мен Пәкістандағы мемлекеттік қызметшілердің жағдайын салыстырса [13], екінші зерттеуінде Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі Қазақстан өз дамуында жүргізілген реформалардың нәтижесі мемлекеттік қызметшілердің қызметіне қаншалықты әсер еткенін және жұмысқа қанағаттануы мен мотивациялық қолдауын зерттеді [14].

Автордың бұл зерттеулері «Public Administration and Development» және «Public Administration Review» басылымдарында жарық көріп, 33 сілтеме жасалған. Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің ізденушісі Е.Бөрібаев ҚР мемлекеттік басқару институттарын жетілдірудегі шараларды зерттеді. Нәтижесінде әлеуметтік саланы дамытудағы кешенді жоспарлардың орындалу барысындағы кемшіліктерді анықтап, алдын алу бойынша преспективалық дамудың жоспарын ұсынды [9].

Бұл автордың зерттеуіндегі жұмыстарына 30 сілтеме жасалған. Назарбаев Университетінің зерттеушісі Б.Серікбаева өз мақаласында Қазақстанды тиімді басқару азаматтардың әл ауқат үшін қаншалықты маңыздылығын зерттеді. Автор 2022 жылғы мақаласында 5 сілтеме жасалған автор ретінде үшінші орынға тұрақтады. Автордың еңбегі Қазақстанның 30 жылдан астам даму тарихындағы жүргізілген реформалардың нәтижелері, қызмет көрсетуге қанағаттану, азаматтардың өмір сүру жағдайларына және мемлекеттік саясатқа бағытталды [15].

1 Кесте. 2002-2023 ж. Scopus – базасында мемлекеттік басқаруды реформалау бағытындағы Қазақстандық авторлардың зерттеулері

№	Авторлар/жылы	Құжат саны	Басылым атауы	Сілтеме
1	А.Мусакулова (2019)	2	Public Administration Review.	33
2	Е. Бөрібаев (2015)	2	International Journal of Environmental and Science Education,	30
3	Б. Серікбаева (2022)	1	Transforming Government: People, Process and Policy	5
4	М. Кадырова (2018)	2	Public Policy and Administration	5
5	А. Амирова (2023)	2	Innovation Journal	1
6	Л Илебаев (2013)	2	Actual Problems of Economics	0

Ескертпе: VOSviewer бағдарламалық құралы негізінде авторлармен құрастырылған

2 – кестені зерттеу бағытымызға сәйкес ғылыми зерттеу институттардың жоғарғы рейтингісіне сәйкес құрдық. 2 – кестеде Scopus – ғылыми жарияланым базасында 9 ғылыми институттар анықталды, бұл Қазақстанның дамуындағы жүргізілген мемлекеттік басқару реформалары тақырыбында еді. Талдау нәтижесінде ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы 10 жылда 8 мақала жариялаған. Бұл зерттеулердің бастапқысы «NISPAcee Journal of Public Administration and Policy» басылымындағы Г.Сүлейменованың Қазақстанның мемлекеттік органдар қызметін бағалау атты ең көп сілтеме жасалған мақаласы еді [16]. Зерттеушінің мақаласын 2018 жылы ҚР Білім және ғылым министірлігі қаржыландырған. Автордың бұл жұмысы дамушы елдердегі мемлекеттік қызмет жүйесі қалай жұмыс жасайтынын түсінуге бағытталған. Көп жағдайда үкімет мемлекеттік қызмет нәтижелерін тиімді етіп, қоғамға жақсы жақтарын көрсетуге тырысады. Құжаттар саны бойынша екінші орынға тұрақтаған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. 7 жылда зерттеушілердің аталған бағыттағы 7 мақаласы Scopus – ғылыми жарияланымдар базасында жарық көрген. Мұнда айрықша көзге түскен А. Хамзинның «International Journal of Environmental and Science Education» басылымындағы ҚР әлеуметтік саланы мемлекеттік басқаруға арналған еңбегі болды [17].

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Scopus – ғылыми жарияланым базасында мемлекеттік басқаруды реформалау бағытындағы 3 мақала анықталды. Мемлекеттік саясатты іске асырып, стратегиялық даму мен азаматтардың мәселелерін шешуде мемлекеттік қызметтер маңызды болып табылады. Сондықтан И. Рыстинаның Q2 тобына кіретін «Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues» басылымында жарық көрді. Автордың ҚР мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңі атты мақаласында мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси құрылымын жетілдірудегі кадрлардың кәсібилігі мен тұрақтылығын зерттеді [18]. Талдау нәтижесінде анықталғандай қазақстандық зерттеушілер еңбектерінің басым көпшілігі халықаралық деңгейдегі рецензияланбаған журналдарда жарық көруі. Бұл дүние жүзіндегі ғалымдар мен сарапшылардың талқылауына түсуіне шектеу болады.

2-Кесте. Scopus – базасында Қазақстандағы мемлекеттік басқару реформалары бойынша мақалалар жариялаған оқу орындары

№	Оқу орындарының атауы	Құжат саны	Сілтемелер	Жылдары
1	ҚР Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы	8	9	2013 - 2023
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	7	17	2013 - 2020
3	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	3	7	2014 - 2022
4	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті	3	30	2013 - 2016
5	Сингапур ұлттық университеті	2	33	2019 - 2021
6	Назарбаев университеті	2	10	2022 - 2023
7	Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті	2	1	2020 - 2021
8	Қазақстан денсаулық сақтау мектебі	1	64	2012
9	Братиславадағы Экономика университеті	1	0	2022

Ескертпе: VOSviewer бағдарламалық құралы негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды реформалау бағытындағы зерттеулер аймақтық деңгейде жалғасты. 3 – кестеде аталған зерттеу бағытында Ресей, Сингапур, Ұлыбритания, АҚШ, Бельгия, Финляндия, Норвегия, Словакия елдерінің зерттеушілерімен бірлесіп қазақстандық авторлар мақала жариялағанын байқаймыз. Бұл бағыттағы зерттеудің басым бөлігі қазақстандық авторлардың үлесінде. Талдау нәтижесінде анықталғандай зерттеушілердің табыстылығы әрбір мақалаға жасалған

сілтеме болды. Қазақстандық зерттеушілердің еңбектеріне орта есеппен 4 сілтемеден келді, бұл зерттелген тақырыпқа қызығушылықтың бәсеңдеуі.


3-Кесте. Мемлекеттік басқаруды реформалау бағытындағы өнімділігі жоғары дәйексөздері бар елдер

№	Мемлекет атауы	Құжаттар саны	Сілтеме
1	Қазақстан	33	143
2	Ресей	4	8
3	Сингапур	2	33
4	Ұлыбритания	2	12
5	АҚШ	2	3
6	Бельгия	1	12
7	Финляндия	1	2
8	Норвегия	1	7
9	Словакия	1	-

Ескертпе: VOSviewer бағдарламалық құралы негізінде авторлармен құрастырылған

Келесі 3-суретте еліміздің мемлекеттік басқару реформалары бойынша авторлардың еңбектеріндегі түйін сөздердің байланысы картаға түсірілді, бұған Vosviewer бағдарламалық құралдың көмегімен қол жеткізілді. 3 – суретте Scopus – ғылыми жарияланым базасы бойынша Қазақстандағы жүргізілген реформалардың байланысын көре аламыз. Мұнда мемлекеттік басқару реформалары, мемлекеттік қызмет, посткеңестік елдер, жақсы басқару, сыбайлас жемқорлық, ашықтық, инновация, мансап ең жиі кездесетін сөздердің байланысын берді. Сары түспен белгіленгендер Қазақстанның даму тәжірибесіндегі соңғы мақалалар болды. Біз сөздердің байланысын картаға түсіру арқылы даму тенденциясын анықтадық. Картада соңғы жылдардағы жүргізілген зерттеулердің кілттік сөздері мемлекеттік қызмет, посткеңестік елдер, сыбайлас жемқорлық, кейс-стади, ашықтық секілді тақырыптарына арналғанын көрсетті. Талдау нәтижесінде Қазақстан мемлекеттік басқаруды реформалау арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтып, үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын қамтамасыз ету болды. Зерттеуімізде байқайтынымыз халық жергілікті билік органдарының азаматтардың қатынасуымен шешім қабылдап, есеп беруін талап етті.






3-сурет. Қазақстанмен байланысты ортақ түйін сөздер

Ескертпе: VOSviewer бағдарламалық құралы негізінде авторлармен құрастырылған

4-суретте дүние жүзіндегі дамыған елдердің зерттеулерін Vosviewer бағдарламалық құрал көмегімен картаға түсірідік. Ұлыбритания, АҚШ, Италия, Франция, Канада және басқа елдер мемлекеттік басқаруды реформалау тақырыбындағы мақалалар бойынша көш бастап тұр. Десек те бұл зерттеулер бастапқы кезеңнің үлесіне тиесілі. 4 – суретте Қазақстан аталған бағыт бойынша Scopus базасындағы зерттеулері 2020 жылы қарқын алған. Талдау нәтижесінде анықталғандай еліміздегі жүргізілген реформалардың бастауы Ұлыбритания, АҚШ, Сингапур елдерінің тәжірибесінен бастау алады.




4-сурет. Мемлекеттік басқаруды реформалау бойынша елдер байланысы

Ескертпе: VOSviewer бағдарламалық құралы негізінде авторлармен құрастырылған

*Болашақ зерттеу бағыттары.* 5-суретте Қазақстандағы академиялық ғылыми ортаның даму тенденцияларын байқаймыз. Библиометриялық талдау нәтижесінде

жақсы басқару, инновациялық әлеует, ашықтық, сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік қызмет тақырыптарына болашақ зерттеулердің өсіп келе жатқанын байқаймыз. Бұл еліміздегі мемлекеттік аппаратты тиімді басқарудың мәселелерін тереңірек зерттеп, түсінуде маңыздырақ болады. Қазақстан әлемдік елдермен ынтымақтастық орнатқан сайын, еліміздегі мемлекеттік басқару мәселелері мен мүмкіндіктерін түсіну маңызды болмақ.



5-сурет. Қазақстандағы болашақ зерттеулердің преспективалық дамуы  
Ескертпе: VOSviewer бағдарламалық құралы негізінде авторлармен құрастырылған

*Шектеулер.* Scopus деректер базасындағы зерттеуімізде Қазақстандағы реформалау бағытындағы мәліметтер толық қамтылмауы мүмкін. Себебі зерттеушілер Web of Science, Google Scholar сияқты басқа да ғылыми академиялық интернет – платформаларында зерттеу мақалалары жариялануы мүмкін. Біздің мақаламызда тек бір ғана платформа арқылы библиометриялық талдау жүргізілгендіктен зерттеу ауқымын шектейді. Талдау нәтижесінде анықталғандай Қазақстандық зерттеушілердің басым бөлігі жергілікті басылымдарда мақалаларын жариялауы, жергілікті басылымдар Scopus, Web of Science деректер базасы сияқты рецензияланып индекстелмеген. Бұл халықаралық деңгейдегі зерттеушілер мен сарапшылардың сын пікірлерінің талқылауына түсуін шектейді.

## Қорытынды

Біздің зерттеуіміз Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару бағытындағы жүргізілген реформаларға баса назар аударып, ғылыми академиялық ортадағы зерттеулердің бастапқы библиометриялық талдауы. Ең көп келтірілген зерттеулер А. Мусакулованың Қазақстанда жүргізілген реформалардың нәтижесі туралы болды [14]. Ал Е.Бөрібаев еліміздегі мемлекеттік басқару институттарын жетілдірудегі зерттеуі ең көп сілтеме жасалған автор болды [9].

Талдау нәтижесінде анықталғандай Scopus – базасында Қазақстандық ғылыми зерттеу институттарының рейтингісі анықталды. Бастапқы үштікке ҚР Президенті жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттері көш бастады. Дегенмен қазақстандық зерттеушілердің халықаралық дәрежедегі рецензияланған ғылыми басылымдардағы мақалалары аз. Зерттеушілердің басым бөлігі еңбектерін жергілікті басылымдарда жариялайды, бұл әлемдік деңгейдегі ғылыми академиялық ортаның сын пікірлеріне түсуін шектейді. Отандық ғалымдардың зерттеулеріне еліміздің билік органдарының қолдауы қажет. Мысалы зерттеуімізде анықталғандай ҚР Білім және ғылым министрілігі 5 зерттеуді қаржыландырса, ал Ұлттық стратегиялық зерттеу институты 1 ғана зерттеуді қаржыландырған. Бұл еліміздегі зерттеулердің қарқынына әсер етеді. Қазақстан мемлекеттік басқарудың озық тәжірибелерін қолданғанымен, ғылыми академиялық ортада зерттеулердің жетіспеушілігі сезіледі. Қорытындылай келе, библиометриялық талдаудағы шектеулер мен мүмкіндіктерін анықтап, зерттеуімізді әдеби шолу нұсқасы ретінде ұсынамыз. Біз ғалымдардың ұсынған модельдері мен әдістемелерін қайта қарастыруға және реформалауға бағытталған зерттеулердің көбеюіне себеп болатын құрал ретінде қарастырамыз.

#### **Алғыс айту, мүдделер қақтығысы**

Мақала авторлардың өз есебінен жазылған, авторларда мүдделер қақтығысы жоқ.

#### **Авторлардың қосқан үлесі:**

**Бастыков Достияр Хамытбекович** – деректерді жинау, жұмыс нәтижелерін талдау, деректерді визуализациялау, әдебиетке шолу, мәтін жазу, мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекіту.

**Куланова Дарикуль Аскарбековна** – жобалау, әдебиеттерді іздеу, пайдаланылған әдебиеттер тізімінің түпкілікті нұсқасын ресімдеу және бекіту.

**Молдашбаева Луиза Полатхановна** – мазмұнды сыни тұрғыдан қарау, интерпретация, библиографиялық талдау, талдауларды түсіндіру, мазмұнды сыни қайта қарау.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Шоманов А.Ж. Реформирование системы государственного управления: зарубежный опыт и Казахстан. Научное издание / А. Ж. Шоманов, С. Т. Бельгибаев, А. А. Морозов, А. Ж. Тастенов, Д. А. Утешев, 2005.– 57-65 с.

2. Абен А. Особенности обновленной модели государственного управления в Казахстане / А. Абен / под ред. Ш.А. Смагулова. – Алматы, 2022. Вып. «Фортуна П– 12–35с.

3. Нургазинов Б.К. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі кейбір ұсыныстар / Нургазинов Б.К., Оспанова А.Н. // Научно-правовой журнал «Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан» – 2022. – Т. 2 – № 69.

4. Бастыков Д.Х. Социальная политика государства и ее влияние на уровень безработицы в Казахстане / Бастыков Д.Х., Ералиева Я.А., Айтказина М.А. // Вестник университета «Туран» – 2023. – № 3 – С.48–62.

5. Donthu N. How to conduct a bibliometric analysis: An overview and guidelines / Donthu N., Kumar S., Mukherjee D., Pandey N., Lim W.M. // Journal of business research – 2021. – Т. 133 – С.285–296.
6. Practices P.S. Stand and deliver: Three imperatives for civil servants | McKinsey / Practices P.S. – 2024. – № April.
7. Lapuente V. The effects of new public management on the quality of public services / Lapuente V., Walle S. Van de // Governance – 2020. – Т. 33 – № 3 – С.461–475.
8. Baimenov A. Governance in the post-Soviet era: Challenges and opportunities / Baimenov A., Liebert S. // Public Administration Review – 2019. – Т. 79 – № 2 – С.281–285.
9. Buribayev Y.A. Evaluation of the reform efficiency in public social sector management of the Republic of Kazakhstan / Buribayev Y.A., Oryntayev Z.K., Khamzina Z.A., Kussainov S.Z., Yermekov A.T. // Mediterranean Journal of Social Sciences – 2015. – Т. 6 – № 3 – С.191–198.
10. Sato Y. Administrative evaluation and public sector reform: an analytic hierarchy process approach / Sato Y. // International Transactions in Operational Research – 2007. – Т. 14 – № 5 – С.445–453.
11. Hameduddin T. Employee engagement as administrative reform: Testing the efficacy of the OPM's employee engagement initiative / Hameduddin T., Fernandez S. // Public administration review – 2019. – Т. 79 – № 3 – С.355–369.
12. Haruna P.F. Reflective public administration reform: Building relationships, bridging gaps in Ghana / Haruna P.F. // African Studies Review – 2001. – Т. 44 – № 1 – С.37–57.
13. Wal Z. Van der Path-dependent public servants: Comparing the influence of traditions on administrative behavior in developing Asia / Wal Z. Van der, Mussagulova A., Chen C. // Public Administration Review – 2021. – Т. 81 – № 2 – С.308–320.
14. Mussagulova A. What is wrong with job security? / Mussagulova A., Wal Z. Van der, Chen C. // Public Administration and Development – 2019. – Т. 39 – № 3 – С.121–132.
15. Serikbayeva B. Good governance matters for well-being: the case of Kazakhstan / Serikbayeva B., Abdulla K. // Transforming Government: People, Process and Policy – 2022. – Т. 16 – № 1 – С.140–164.
16. Suleimenova G. Performance evaluation of the government agencies of Kazakhstan / Suleimenova G., Kapoguzov E., Kabizhan N., Kadyrova M. // NISPACEE Journal of Public Administration and Policy – 2018. – Т. 11 – № 2 – С.171–198.
17. Khamzin A.S. Constitutional Law Fundamentals of the State Administration of the Social Sphere in the Republic of Kazakhstan. / Khamzin A.S., Khamzina Z.A., Oryntayev Z.K., Alshurazova R.A., Sherimkulova G.D., Yermukhametova S.R. // International Journal of Environmental and Science Education – 2016. – Т. 11 – № 12 – С.5237–5250.
18. Rystina I. The state service of the Republic of Kazakhstan at a new stage of development / Rystina I., Sadu A., Bulegenova B., Onuchko M., Kozhakhmetova A. // J. Legal Ethical & Regul. Issues – 2017. – Т. 20 – С.1.

Д.Х.Бастыков\*<sup>1</sup>, Д.А.Куланова<sup>2</sup>, Л.П. Молдашбаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Университет Нархоз, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

<sup>3</sup>Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Қазақстан

### Направление изучения реформ государственного управления в Казахстане: библиометрический анализ

**Аннотация.** Целью исследования является проведение библиометрического анализа и картирования с целью определения степени изученности реформ государственного управления в Казахстане.

**Методология.** При достижении нашей исследовательской цели с помощью программного обеспечения Vosviewer были созданы и визуализированы библиометрические сети. Провели библиометрический анализ данных, собранных в академической базе данных Scopus. В проведении анализа использовали особую стратегию, это 41 статья реформирования государственного управления в Казахстане. В целом данный метод дал убедительную оценку, проанализировав состояние нашего направления исследований.

**Уникальность/ценность исследования.** Библиометрический анализ является первым исследованием реформирования государственного управления в Казахстане. Данный метод актуален при анализе больших объемов данных в нашем направлении исследования. Он вносит свой вклад в литературу, определяя исследования в области реформирования государственного управления страны, работы наиболее цитируемого автора, публикации и научные институты.

**Результаты исследования** показали, что наиболее часто используемыми ключевыми словами являются реформы государственного управления, прозрачность, коррупция, хорошее управление. Mussagulova et al., (2019), Vuribayev et al., (2016) признан самым цитируемым и часто цитируемым авторами. Исследование также показало, что реформы, проведенные в стране в последние годы, сделали упор на удовлетворенность граждан государственными услугами и условия жизни. В статье показала тенденция развития рецензируемых журналов международного уровня. Например, исследования в США, Великобритании, Франции, Италии проводились до 2012 года, а для Казахстана исследования в данном направлении набрали обороты с 2020 года.

**Ключевые слова:** Реформы государственного управления, Казахстан, открытость, библиометрический анализ, VOSviewer, обзор литературы, научное картографирование.

**D.H. Bastykov<sup>\*1</sup>, D.A.Kulanova<sup>2</sup>, L.P. Moldashbayeva<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Narxoz University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

## **Direction of Study of Public Administration Reforms in Kazakhstan: Bibliometric Analysis**

**Abstract.** The purpose of the study is to conduct a bibliometric analysis and mapping in order to determine the level of study of public administration reforms in Kazakhstan.

**Methodology.** In achieving our research goal, bibliometric networks were created and visualized with the VOSviewer software. We conducted a bibliometric analysis of the data collected in the Scopus academic database. In conducting the analysis, we used a special strategy, which was 41 articles on the reform of Public Administration in Kazakhstan. In general, this method showed a reliable analysis of the state of our research direction.

**Uniqueness/value of the study.** This bibliometric analysis is the first study of Public Administration reform in Kazakhstan. In the analysis of a large amount of data in our research area, the bibliometric method is relevant. It contributes to literature by identifying research in the field of reforming the country's public administration, the work of the most cited author, publications and scientific institutions.

The results of the study showed that the most commonly used keywords are public administration reforms, transparency, corruption, good governance. Mussagulova et al., (2019), Buribayev et al., (2016) is recognized as the highest cited and most frequently cited author. The study also highlighted that the reforms carried out in the country in recent years have focused on the satisfaction of citizens with the provision of public services and living conditions. Our study showed the development trend in peer-reviewed journals of the international level. For example, research in the USA, Great Britain, France, Italy was conducted until 2012, and research in this direction for Kazakhstan gained momentum in 2020.

**Keywords:** Public administration reforms, Kazakhstan, transparency, bibliometric analysis, VOSviewer, literature review, scientific mapping.

## **References**

1. Shomanov A.J. Reformirovanie sistemy gosudarstvennogo upravleniya: zarubejnyi opyt i Kazahstan [Reforming the public administration system: foreign experience and Kazakhstan] / Nauchnoe izdanie. / Shomanov A.J., Belgibaev S.T., Morozov A.A., Tastenov A.J., Uteshev D.A., 2005.– 57-65p. [in Russian]
2. Aben A. Features of the updated model of public administration in Kazakhstan [Osobennosti obnovlennoj modeli gosudarstvennogo upravleniya v Kazahstane] / A. Aben/ed. Sh.A. Smagulova. - Almaty, 2022. No. "Fortuna P- 12-35c. [in Russian]
3. Nurgazinov B.K. Some offers when entering the civil service in the Republic of Kazakhstan [Qazaqstan Respublikasynda memleketтік qyzmetke kiru kezindegi keibir üsynystar] / Nurgazinov B.K., Ospanova A.N.//Scientific and Legal Journal "Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan" - 2022. - T. 2 - NO. 69. [in Kazakh]
4. Bastykov D.H. Social policy of the state and its impact on the unemployment rate in Kazakhstan [Social'naja politika gosudarstva i ee vlijanie na uroven' bezraboticy v Kazahstane]/ Bastykov D.H., Yeralieva Ya.A., Aitkazina M.A. // Bulletin of the University "Turan" – 2023. – No. 3 – pp.48-62. [in Russian]

5. Donthu N. How to conduct a bibliometric analysis: An overview and guidelines / Donthu N., Kumar S., Mukherjee D., Pandey N., Lim W.M. // Journal of business research – 2021. – Т. 133 – С.285–296.
6. Practices P.S. Stand and deliver: Three imperatives for civil servants | McKinsey / Practices P.S. – 2024. – № April.
7. Lapuente V. The effects of new public management on the quality of public services / Lapuente V., Walle S. Van de // Governance – 2020. – Т. 33 – № 3 – С.461–475.
8. Baimenov A. Governance in the post-Soviet era: Challenges and opportunities / Baimenov A., Liebert S. // Public Administration Review – 2019. – Т. 79 – № 2 – С.281–285.
9. Buribayev Y.A. Evaluation of the reform efficiency in public social sector management of the Republic of Kazakhstan / Buribayev Y.A., Oryntayev Z.K., Khamzina Z.A., Kussainov S.Z., Yermekov A.T. // Mediterranean Journal of Social Sciences – 2015. – Т. 6 – № 3 – С.191–198.
10. Sato Y. Administrative evaluation and public sector reform: an analytic hierarchy process approach / Sato Y. // International Transactions in Operational Research – 2007. – Т. 14 – № 5 – С.445–453.
11. Hameduddin T. Employee engagement as administrative reform: Testing the efficacy of the OPM's employee engagement initiative / Hameduddin T., Fernandez S. // Public administration review – 2019. – Т. 79 – № 3 – С.355–369.
12. Haruna P.F. Reflective public administration reform: Building relationships, bridging gaps in Ghana / Haruna P.F. // African Studies Review – 2001. – Т. 44 – № 1 – С.37–57.
13. Wal Z. Van der Path-dependent public servants: Comparing the influence of traditions on administrative behavior in developing Asia / Wal Z. Van der, Mussagulova A., Chen C. // Public Administration Review – 2021. – Т. 81 – № 2 – С.308–320.
14. Mussagulova A. What is wrong with job security? / Mussagulova A., Wal Z. Van der, Chen C. // Public Administration and Development – 2019. – Т. 39 – № 3 – С.121–132.
15. Serikbayeva B. Good governance matters for well-being: the case of Kazakhstan / Serikbayeva B., Abdulla K. // Transforming Government: People, Process and Policy – 2022. – Т. 16 – № 1 – С.140–164.
16. Suleimenova G. Performance evaluation of the government agencies of Kazakhstan / Suleimenova G., Kapoguzov E., Kabizhan N., Kadyrova M. // NISPACEE Journal of Public Administration and Policy – 2018. – Т. 11 – № 2 – С.171–198.
17. Khamzin A.S. Constitutional Law Fundamentals of the State Administration of the Social Sphere in the Republic of Kazakhstan. / Khamzin A.S., Khamzina Z.A., Oryntayev Z.K., Alshurazova R.A., Sherimkulova G.D., Yermukhametova S.R. // International Journal of Environmental and Science Education – 2016. – Т. 11 – № 12 – С.5237–5250.
18. Rystina I. The state service of the Republic of Kazakhstan at a new stage of development / Rystina I., Sadu A., Bulegenova B., Onuchko M., Kozhakhmetova A. // J. Legal Ethical & Regul. Issues – 2017. – Т. 20 – С.1.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Бастыков Достияр Хамытбекович** – хат-хабар авторы, Докторант. Нархоз университеті, Жандосова к-сі 55, 050035, Алматы Қазақстан.

**Куланова Дарикуль Аскарбековна** – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тауке хан 5, 160011, Шымкент, Қазақстан.

**Молдашбаева Луиза Полатхановна** – экономика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Мұңайтпасов 13, 010010, Астана, Қазақстан.

**Бастыков Достияр Хамытбекович** – автор для корреспонденции, Докторант, Университет Нархоз, ул. Жандосова 55, 050035, Алматы Қазақстан.

**Куланова Дарикуль Аскарбековна** – кандидат экономических наук, доцент. Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова. ул Тауке хан 5, 160011, Шымкент, Қазақстан.

**Молдашбаева Луиза Полатхановна** – кандидат экономических наук, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, ул. К. Мунайтпасов 13, 010010, Астана, Қазақстан.

**Bastykov Dostiyar Hamitbekovich** – Doctoral student, Narxoz University, Zhandosova str. 55, 050035, Almaty, Kazakhstan.

**Kulanova Darikul Askarbekovna** – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Tauke Khan 5, 160011, Shymkent, Kazakhstan.

**Moldashbaeva Louise Platonovna** – Candidate of Economic Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, K. Munaitpasov 13, Astana, 010010, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).